



COLLEGE OF
SOCIAL SCIENCES

KIMEP UNIVERSITY

**КИМЭП УНИВЕРСИТЕТІ САЯСАТТАНУ
ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР
КАФЕДРАСЫН ҚАЙТА ЖАНДАНДЫРУДА**



КАФЕДРА МЕНГЕРУШІСІНІҢ ОЙ-ПІКІРІ

Д-р Нығмет Ибадильдин PhD дәрежесін Тампере университетінің (Финляндия) менеджмент кафедрасынан 2011 жылы қорғап шықты. Д-р Ибадильдиннің зерттеу қызығушылықтарына табиғи ресурстардың саяси экономикасы, институционалдық даму, кеңестік дәуірден кейінгі институттар және сөйлеу анализі тақырыптары кіреді. Қазіргі таңда ол КИМЭП Университетінде халықаралық қатынастар пәндерінің оқытушысы және саясаттану және халықаралық қатынастар кафедрасының меңгерушісі болып табылады. Нығмет Ибадильдин кафедраны қайта құру және КИМЭП-тегі көпжылдық тәжірибесі жөнінде пікірімен бөлісті.



1. Жаңа саясаттану және халықаралық қатынастар кафедрасының құрылымы жөнінде пікіріңізді білдірсеңіз. Кафедраның қайта жандануы студенттерге қандай артықшылықтар береді?

Саясаттану және халықаралық қатынастар кафедрасының түлектері өздерінің тәжірибесі, этикалық ұстанымдары берік көшбасшылық және әлеуметтік әділеттілікке, бостандық пен теңдікке ұмтылу арқылы жаһандық, аймақтық және жергілікті ландшафтты қалыптастыратын ықпалды көшбасшылар мен ғалымдар ретінде жарқын болашаққа жетелейтіндігіне сенім артамыз. Біз халықаралық қатынастар және саясаттану салаларындағы алдыңғы қатарлы академиялық мекеме ретінде халықаралық деңгейде танылуға ұмтыламыз, сонымен қатар оқытудағы, ғылыми зерттеулер мен қоғаммен байланыс саласындағы жетістіктерімізбен танымал болуға тырысудамыз.

2. Болашақ студенттің саясаттану немесе халықаралық қатынастар кафедрасын таңдау себептері қандай?

Саясаттану немесе халықаралық қатынастар саласын таңдау студенттің қызығушылығы және болашақ мансабына қатысты қойған мақсаттарына байланысты деп ойлаймын. Егер студент ішкі саясат мәселелеріне көбірек ден қойғысы келсе, онда саясаттануды таңдаған жөн, ал егер студент мемлекетаралық қатынасуларға бейім болса, онда халықаралық қатынастар саласын таңдаған дұрысырақ болар. Екі саланың да барлық аспектілерін меңгергісі келетіндерге қос мамандандуды таңдауға барлық мүмкіндіктер берілген.

3. КИМЭП Университетінің саясаттану және халықаралық қатынастар бағдарламасының басқа Қазақстандық және Орталық Азия оқу орындары ұсынатын бағдарламалардан айырмашылығы қандай?

КИМЭП Қазақстандағы айрықша университет, себебі барлық білім алушыларына жайлы, қауіпсіз және шығармашылық ортаны жоғары деңгейде үйлестіре білген оқу орны. Бұнда академиялық стандарттардың ең жоғары үлгісі ұсынылған, яғни кафедрамыздың оқытушылары Стэнфорд, Оксфорд, Сорбонна және Рутгер сияқты әлемнің беделді университеттерінің түлектері. Біздің кафедраның түлектері Лондонның экономика мектебінде, Гарвардта, Австралияның ұлттық университетінде, тіпті Лондонның корольдық колледжінде білімдерін жалғастыруда.

4. КИМЭП Университетінде 2002 жылдан бастап қызмет етіпсіз. Болашақ студенттерге КИМЭП Университетін таңдау себептерін атаңыз.

Студенттік жылдар өмірдегі ең маңызды кезеңдердің бірі болып табылады. Болашақ мамандығың, қызығушылықтарың, байланыс және араласатын орта жөнінде шешімдер қабылдайтын кез. КИМЭП осы тұрғыда сізді тұлға ретінде қалыптасуыңызға, жауапкершілікке және білім алу дағдыларың қалыптастыруға зор ықпалын тигізеді. Сіз көптеген академиялық, ғылыми-зерттеу шараларына қатысып қана қоймай, аса қызықты студенттік өмір кешетін боласыз.





ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІНІҢ ДЕКАНЫНАН БІРЕР СӨЗ

Д-р Геральд Пек - әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы, экономика кафедрасының қауымдастырылған профессоры. Ол PhD дәрежесін Бохумдағы Рур университетінен алып, Германия, Шотландия, Ирландия мен Болгарияның бірқатар университеттерінде оқытушы және зерттеуші лауазымында қызмет атқарды. Проф. Геральд Пектің негізгі мамандану саласы – қалданбалы ойын теориясы және институттардың экономикалық анализі. Әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы ретінде жаңа саясаттану және халықаралық қатынастар кафедрасының дамуына жетекшілік етті.



1. Жаңа саясаттану бакалавры бағдарламасының оқу бағдарламасы туралы және саясаттану мен халықаралық қатынастар мамандықтары бойынша қос мамандану мүмкіндігі туралы толығырақ айтып берсеңіз. Саясаттану саласының болашақ студенттерге ашатын мүмкіндіктері қандай?

Жаңа саясаттану бакалавры бағдарламасы (BAPS) қазіргі халықаралық қатынастар бакалавры бағдарламасының (BIR) көптеген ерекшеліктерін қайталайды, бірақ, оған қоса ішкі саясаттың сапалы және сандық анализіне негізделеді. Бекітілген халықаралық қатынастар бакалавры бағдарламасы бойынша өз білімін жалғастыруды қалайтын, бірақ саясаттану аспектілеріне қызығушылық танытатын студенттер үшін «қос мамандану» алуға мүмкіндік беріледі. Ол үшін студент элективті пәндерді таңдау барысында BAPS және BIR бағдарламаларының талаптарын қатар орындау қажет.


Саясаттану не үшін керек? Кез келген үкімет аппараты саясаттың қоғамдық қолдауына ие болуы үшін және дауыс берушілермен тиімді қарым-қатынас орнату жолдарын түсіну қажет. Саясаттану саласында жоғары білім алу мемлекеттік ұйымдарға, халықаралық ұйымдарға, зерттеу институттарында қызмет етуге немесе саяси кеңесші болуға, сонымен қатар өз білімін жалғастыру мүмкіндігіне жол ашады.

2. КИМЭП Университетінің саясаттану және халықаралық қатынастар бағдарламасының басқа Қазақстандық және Орталық Азия оқу орындарындағы ұсынатын бағдарламалардан айырмашылығы қандай?

КИМЭП-те студенттер Джон Хопкинс университеті, UCLA немесе Солтүстік Калифорния университеті сияқты АҚШ-тың алдыңғы қатарлы халықаралық қатынастар немесе саясаттану бағдарламаларымен тең келетін мамандыққа ие бола алады. КИМЭП-тегі барлық бағдарламаларында сияқты, студенттер өз мамандануын таңдау және сыни ойлау дағдыларын дамыту мүмкіндіктері молынан беріледі.

3. Жаңа кафедрада Джон Хопкинс университетінде қолданылатын үлгіні таңдапсыз. Осындай таңдау жасауға не түрткі болды? Бұл өзгерістер студенттерге қандай артықшылық береді?

Джон Хопкинс университеті саясаттану және халықаралық қатынастар мамандығы бойынша (онда бұл мамандану «Халықаралық зерттеулер» деп аталады) үздік дүниежүзілік бағдарламаны ұсынатын Американың алдыңғы қатарлы университеті болып табылады. Джон Хопкинс университетінде студенттер саясаттану және халықаралық қатынастар мамандығы бойынша қос мамандыққа ие бола алады. КИМЭП-те тура сол бағдарламаларды таңдау мүмкіндігін қайталадық, себебі осылайша студенттердің болашақ мамандығы жөніндегі қалауын біздің ұсынатын бағдарламаларымызбен сәйкестендіруді жүзеге асыра аламыз деп шештік.





САЯСАТТАНУ БАКАЛАВРЫ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР БАКАЛАВРЫ МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Студенттер саясаттану, халықаралық қатынастар бойынша мамандануды немесе екеуін де таңдай алады. Әрбір бағдарлама бойынша пәндер тізімі төмендегідей:

Саясаттану мамандығы бойынша міндетті пәндер	Халықаралық қатынастар мамандығы бойынша міндетті пәндер
Салыстырмалы саясат	Theories of International Relations
Саяси анализ	1648 – 1815 жж. дипломатия тарихы
Саясаттануға арналған мәліметтер анализі	1815 – 1945 жж. дипломатия тарихы
Статистикаға кіріспе	Дипломатиялық және консулдық қызмет
Қазақстандағы саясат және институттар	Халықаралық институттар және заң
Саяси теорияға кіріспе	Қазақстанның сыртқы саясаты
Саясаттану бойынша элективті пәндер	Халықаралық қатынастар бойынша элективті пәндер
Саяси әлеуметтану	Халықаралық сауда
Қоғамдық пікір және сауалнамалар	Қауіпсіздік саласындағы зерттеулер
Саяси партиялар, кампаниялар және сайлау	Экология саясаты, даму және жаһандық басқару

Қос мамандану мүмкіндіктері: BIR бағдарламасының студенттері саясаттану және халықаралық қатынастар бойынша қос мамандықты алу үшін басқа саладан алты міндетті пәндерді өту қажет.

КИМЭП УНИВЕРСИТЕТНІҢ БЕДЕЛДІ ОҚЫТУШЫЛАРЫ КАФЕДРАНЫҢ ЖАҢАШЫЛ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӨНІНДЕ ОЙ БӨЛІСТІ

Д-р Асылзат Қарабаева ассистант профессор ретінде КИМЭП Университетіне 2023 жылы қосылған болатын. Ол халықаралық қатынастар саласындағы Ph.D. дәрежесін Жапонияның халықаралық университетінен алды. Др. Қарабаева оған қоса АҚШ, Швейцария және Ұлыбритания елдерінде білімін шыңдап, түрлі қызмет атқарған. Оның зерттеу қызығушылығына Орталық Азиядағы регионализм, Дүниежүзілік сауда ұйымы, Еуразиядағы саяси, экономикалық және әлеуметтік трансформация тақырыптары кіреді.



1. Саясаттану және халықаралық қатынастар кафедрасының жаңа құрылымы студенттерге қандай артықшылық береді деп ойлайсыз?

Биылғы жылдан бастап Саясаттану және халықаралық қатынастар кафедрасы жаңа «Саясаттану» бакалавры бағдарламасы бойынша оқытуды ұсынды. Бұл қазіргі «Халықаралық қатынастар» бакалавры бағдарламасымен қатар оқытылатын ерекше бағдарлама. Бұл бағдарламалардың оқу жоспары өзектілігі жоғары «Саясат және Қазақстан институттары», «Саяси анализ», «Қоғам пікірі және сауалнама», сонымен қатар «Деректер анализі» сияқты пәндермен күшейтілді. Студенттерге өздеріне аса қызықты деп саналатын пәндерді таңдау арқылы «қос мамандық» алу сияқты керемет мүмкіндік берілді. Шетелдің алдыңғы қатарлы оқу орындарында қызмет еткен оқытушылар студенттерге жоғары сапалы білім, инновациялық ғылыми-зерттеулер, сыни ойлау мен аналитикалық дағдыларды одан әрі жетілдіру үшін бағдарламамызға қосылып отыр.

2. КИМЭП ұсынатын білім студенттерді Орталық Азия аймағында халықаралық қатынастар мен саяси сахнадағы жаңа көшбасшылары ретінде қалайша дайындайды?

Орталық Азияда саяси философия, салыстырмалы саясат, популистік зерттеулер мен халықаралық қатынастардағы этика мәселелерін кешенді оқытуды ұсынатын санаулы ғана оқу орындары бар. КИМЭП Университетінің саясаттану және халықаралық қатынастар кафедрасы сол санаулылардың қатарында. Аталмыш курстар бүгінгі таңдағы күрделі мәселелерді түсіну және шешу жолдарын ұсынады және КИМЭП оларды ең жоғары деңгейде оқытады. Кафедра өз саласының жоғары білікті мамандарынан тұратын профессор-оқытушы құрамымен мақтана алады. Олардың ауқымды байланыс желісі мен тәлімгерлігі мансап жолын бастағалы тұрған студенттерге таптырмас мүмкіндік беретіні сөзсіз.



Д-р Нүрсейіт Ниязбеков бакалавр дәрежесін КИМЭП Университетінен алғаннан кейін әлеуметтану бойынша M.Sc. және Ph.D. дәрежелерін Оксфорд Университетінен алды. Оның ғылыми қызығушылығына саяси мәдениет, әлеуметтік қозғалыстар, Кеңестік дәуірден кейінгі демократизация, Орталық Азия қатынастары, наразылық мобилизациясы тақырыптары кіреді. Бұған дейін ол Мичиган университетінде және Science Po-да ғылыми қызметкер болған. Ол Орталық Азия мәселелері бойынша халықаралық БАҚ пен сараптама орталықтарына жиі кеңес береді.



1. Жаңа «Саясаттану» бағдарламасы студенттерге қандай артықшылықтар ұсынады?

Президентіміз Қ.К. Тоқаевтың қамқоршылдық және естуші мемлекет қағидаларына негізделген «Жаңа Қазақстанды» құру бағдарына сәйкес «Саясаттану» бағдарламасы екі міндетті бір мезгілде жүзеге асыруға бағытталған: саяси белсенді азаматтар тәрбиелеу және қазақ үкіметіне қажетті кәсіби кадрларды дайындау. Екі мақсат та саяси саяси институттардың бір-бірімен және азаматтық қоғаммен әрекеттесу бойынша функцияларын терең түсінуді талап етеді. Бұл студенттерге тек білім беріп қана қоймай, олардың үнемі өзгеріс үсітіндегі ішкі және сыртқы саяси қиындықтар мен мүмкіндіктерге тез арада бейімделу дағдысын дамытатын бағдарлама.

2. Ауқымды халықаралық тәжірибеңізді ескере отырып, сіз КИМЭП Университетінің саясаттану және халықаралық қатынастар кафедрасының ерекшелігі неде деп ойлайсыз?

КИМЭП Университетінің саясаттану және халықаралық қатынастар кафедрасы Қазақстанның өзінде де, одан тыс аймақтарда да еуразиялық зерттеулер саласында кең танымал және оған өте жақсы интеграцияланған. Студенттер мен оқытушыларымыз Қазақстан мен оның аумағынан тыс саяси үрдістерге маманданатын сырттан келуші беделді ғалымдар мен саясаткерлердің лекциялары мен зерттеулерінен үнемі сусындайды. Оған қоса, кафедра мүшелері әлемдік деңгейдегі басылымдарды шағырауға мүмкіндік беретін заманауи зерттеулердің негізгі жаһандық дерекқорларына қол жеткізе алады. Осындай бай қайнарөздер базасының және мол тәжірибесінің арқасында біздің кафедра әлемнің жетекші университеттерінен келетін ғалымдарды жұмысқа шақырады, ал олар өз алдына кафедраның ғылыми қызметінің одан әрі дамуына септігін тигізеді.

Д-р Цзяотун Чжан Қытай елінен келген жаңа оқытушымыз. Ол саясаттану саласы бойынша Ph.D. дәрежесін Libre de Bruxelles (Бельгия) университетінен алған. Биылғы жылдан бастап д-р Чжан КИМЭП Университетіне профессор және КИМЭП Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының (CCASC) директоры ретінде келді. Д-р Чжанның оқытушылық тәжірибесі мол және қазіргі таңда «Қытайды жаңа экономикалық басқару» атты жобасымен айналысуда. Төменде берген сұхбатында ол КИМЭП-ке келу жөніндегі шешімі мен саясаттану және халықаралық қатынастар саласында оқыту әдістеріне өз көзқарастарымен бөлісті.



1. Неге КИМЭП Университетін таңдадыңыз? Саясаттану және халықаралық қатынастар кафедрасының студенттері Қытай жөнінде нақты түсінік қалыптастыру маңызылығы мен сіздің тәжірибеңіз осы мақсатқа жетуге қалайша көмектеседі деп ойлайсыз?

КИМЭП Университетін таңдаған ең бірінші себебім – оның Орталық Азияның кіндігінде орналасуында. Геосаясат мені ерекше қызықтыратын тақырыптардың бірі, ал Қазақстан болса Ресей, АҚШ, ЕО, Қытай, Түркия және басқа да көптеген маңызды елдермен көпвекторлы қатынастарды орнатқан ел. Мен бұл елді мәдени, діни, саяси, сауда және адамдар арасындағы өзара алмасудың тоғысқан жері деп білемін. Осы себептен менің ғылыми қызығушылығым КИМЭП Университетін таңдауға итермеледі. Екіншіден, КИМЭП нағыз халықаралық орта болып табылады. Мұнда әлемдік деңгейдегі оқытушылар қызмет етеді, яғни әлменің түпкірінен келген қызметтестермен еркін араласу мүмкіндігін қамтамасыз етіп отыр.

Халықаралық қатынастар мен саясаттанудың негізгі зерттеу тақырыбы – соғыс және бейбітшілік. Студенттеріміз үшін Қытайды түсінудің маңыздылығы - оның саясаты мен даму траекториясы жаһандық бейбітшілік пен қауіпсіздік перспективаларына елеулі әсер ететін ірі ел мәртебесінен туындайды. Оның үстіне, әлемдегі екінші ірі экономика ретінде Қытай жаһандық дамудың тұрақтылығына айтарлықтай ықпал етеді.

Мен жүргізетін зерттеу тақырыптарына геосаясат, экономикалық дипломатия және Қытайдың басқа ірі елдермен, әсіресе АҚШ және Еуропалық Одақпен сыртқы байланыстарын қамтиды. Оған қоса, мен көпжылдық тәжірибеге ие маманмын. Бұл тәжірибе студенттерге Қытайдың ішкі саясаты мен сыртқы саясаты туралы терең түсінік беруге мүмкіндік береді. Студенттермен бөлісетін өз тәжірибелеріме негізделген көптеген кейс-зерттеулерім бар. Бұл практикалық және академиялық білімнің бірегей қоспасы Қытайдың әлемдік істердегі рөлін жақсырақ түсінуге бағытталған студенттер үшін құнды актив ретінде қызмет етеді.

2. КИМЭП-тің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығы (CCASC) саясаттану және халықаралық қатынастар кафедрасының студенттеріне қандай артықшылықтар береді?

Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығын (CCASC) 2017 жылы КИМЭП Университетінің әлеуметтік ғылымдар факультеті іске қосты. Орталық, ең алдымен, кең Еуразиялық аймақта болып жатқан оқиғалар мен саяси процестерді бақылай отырып, Қытайдың Орталық Азиядағы өсіп келе жатқан ықпалына назар аударады. CCASC студенттерге атақты ғалымдармен қатар оқуға, келушілерге ғылыми көмекші ретінде қызмет етуге және АҚШ-Қытай қарым-қатынасы, Ресей-Украина соғысы, «Белдеу және жол» бастамасы, цифрлық экономика және климаттың өзгеруі сияқты тақырыптар бойынша әртүрлі ашық дәрістер мен дөңгелек үстелдерге қатысуға көптеген мүмкіндіктер ұсынады. Сонымен қатар, CCASC студенттерге ғылыми-зерттеу қабілеттерін арттыру үшін оқытушылармен бірлесіп жұмыс істеуге мүмкіндік беретін ғылыми-зерттеу шеберлігінің платформасы ретінде қызмет етеді.



КИМЭП САЯСАТТАНУ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР КАФЕДРАСЫНЫҢ ЖАҢА РТУЛАРЫ

- Саясаттану және халықаралық қатынастар кафедрасының ұысыныстары:
 - Халықаралық қатынастар бакалавры,
 - Халықаралық қатынастар магистрі,
 - Қос мамандану, Орталық және Шығыс Еуропа, Ресей және Еуразиялық зерттеулер бойынша магистрлік бағдарлама,
 - Басталуы 2024 Күзгі семестр, Саясаттану бакалавры бағдарламасы.
- Халықаралық қатынастар саласындағы бағдарламасы дипломаттар, консулдық агенттер, халықаралық істер бойынша аналитиктер және жарнама мамандары ретінде күрделі лауазымдарды иелену үшін халықаралық аренадағы сарапшылар мен көшбасшыларды дайындайды.
- Саясаттану бағдарламасы түлектерді саясаттанушы, саяси кеңесшілер және мемлекеттік саясат саласындағы мамандарды дайындайды.
- Барлық бағдарламалар министрліктерде, министрлер кабинетінде және әкімдікте тағылымдамадан өту мүмкіндігін ұсынады.
- Магистратура бағдарламасы студенттерді білікті зерттеуші болуға дайындайды.
- Кафедрамен тығыз байланысқан Қытай және Орталық Азия зерттеулері орталығы өзекті оқиғаларға арналған семинарлар, жоғары кәсіби зерттеушілер мен қонақтар спикерлері бар белсенді академиялық ортаға қосылу мүмкіндігін ұсынады.
- Кафедра студенттері әлемнің жетекші университеттерімен халықаралық алмасу мүмкіндіктерін пайдалана алады және халықаралық студенттер саны көп КИМЭП Университетінде оқудың артықшылығын көре алады.

КИМЭП ТҮЛЕКТЕРІНІҢ САЯСАТТАНУ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР КАФЕДРАСЫ ЖӨНІНДЕ ПІКІРЛЕРІ

Гаухар Жұмаділдә КИМЭП Университетін 2022 жылы Халықаралық қатынастар бакалавры дәріжесімен бітірді. Ол үкіметтік емес ұйымдар саласында қызмет көрсететін Орталық Азияның аймақтық экология орталығында практикант ретінде мансабын бастап, кейіннен Канаданың Қазақстандағы елшілігінде қызме етіп, ал қазіргі таңда Сити Банктің KYC (Know Your Customer/Өз тұтынушыңды біл) AML (Anti-Money Laundering/Қаржы жылыстауға қарсы күрес) аналитик маманы ретінде қызмет етеді.



1. КИМЭП Университетінің халықаралық қатынастар бакалавры бағдарламасында алған біліміңіз өзіңіз қызмет еткен түрлі салаларда (ҰЕҰ, мемлекеттік органдарда, бизнесте) жетістікке жетуге қалайша дайындады?

Мен мансабымды жақында ғана бастадым, сондықтан өзімді жетістікке жеткен маман ретінде есептемеймін, бірақ, халықаралық қатынастар мамандығы бойынша КИМЭП Университетінде алған білімім жақсы саясаттанушы ғалым немесе дипломат болу үшін ең қажетті академиялық біліммен қатар, жеке тұлға ретінде жетілуге толық дайындық беретіндігін сеніммен айта аламын. Оқыған пәндерім сыни ойлау, үкіметтік емес білімде, үкімет және бизнес секторларында қызметім барысында маңызды болған зерттеулер жасау және жаза беру дағдыларымды дамытты. Сонымен қатар, сабақ барысында презентация жасау, көпшілік алдында сөйлеу, топпен жұмыс істеу, көшбасшылыққа көп көңіл бөлінетін. Ал бұлар өз алдына жұмысқа алу барысындағы іріктеу кезеңінде шешуші рөл атқарды. Академиялық практикалар, шақырылған қонақтар лекциялары, бітіріп кеткен түлектер мен болашақ жұмыс берушілердің семинарлары жалпы оқу тәжірибесін сапалы дәрежеге көтеріп, түрлі жағдайдағы кәсіби ортада бейімделуімді анағұрлым жеңілдетіп, табысты болуыма ықпал етті.

2. КИМЭП-ті бітірген соң, «Саясаттану және халықаралық қатынастар» бағдарламасына түскісі келетін болашақ студентке қандай кеңес берер едіңіз?

КИМЭП-тің Саясаттану және халықаралық қатынастар кафедрасында оқуды мақсат еткен студенттерге айтарым – үнемі әлемдік мәселелерден хабардар болу, барлық тақырыптық талқылауларға белсенді қатысу, тек халықаралық қатынастармен шектелмей, практикадан өту немесе сабақтан тыс шараларға қатысу мүмкіндіктерін жібермеу. Теориялық біліммен қатар практикалық дағдылардан берік негіз құру сіздің оқу тәжірибеңізді жетілдіріп, болашақ мансаптық мүмкіндіктеріңізді арттырады. Сонымен қатар, тағы бір маңызды ұсынысым – есептеу және талдау дағдыларын дамыту. Себебі, күнделікті өмірде математика, деректерді талдау және Excel бағдарламасын меңгеруді айналып өте алмайтындығыңыз анық. Оқытушылар мен қатарластарыңмен тығыз байланыс орната білген жөн, өйткені осы қарым-қатынастар аса құнды ақпаратқа қол жетімділікке, өзіңнен асқан маманның тәлімгерлігіне және мүмкін кәсіби ынтымақтастыққа жол ашады. Ең соңғысы – түрлі мүмкіндіктерге әрдайым ашық болу және тұрақты түрде аналитикалық және сыни ойлау қабілеттерін дамытып отыру сауаттылық деңгейін арттырудан жалықпаңыз.



Ислам Ишмұхаметов халықаралық қатынастар кафедрасының адъюнкт оқытушысы. Ол «Халықаралық қатынастар» бакалавриаты бағдарламасын КИМЭП Университетінен бітіріп, Глазгоу университетінің «Жаһандық даму және жергілікті шығармашылық» саласындағы халықаралық магистратура бағдарламасының түлегі. Оқытушылық қызметіне дейін Ислам Американдық сауда палатасында (халықаралық компаниялардың Қазақстанда бетпе-бет келетін түрлі бизнес мәселелерімен айналысатын үкіметтік емес ұйым) жұмыс істеді. Сонымен қатар, ол Барселонадағы испандық стартаптардың кеңесшісі ретінде олардың әлемдік және еуропалық нарықтарға шығу жолдарын анықтауда көмек көрсетті. Исламның ғылыми қызығушылығына жаһандық даму және халықаралық қатынастар, креативті экономика, дамушы елдердегі стартаптардың экожүйесі тақырыптары кіреді.



1. КИМЭП сізді халықаралық қатынастар саласында жетістікке жету жолына қалай дайындады?

КИМЭП Университеті менің халықаралық қатынастар саласының маманы ретінде қалыптасуыма үлкен рөл атқарды. Біріншіден, мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастардың мәні жөнінде жақсы құрылымдалған және іргелі білім алдым. Оған қоса, Орталық Азиядағы аймақтық саяси мәселелер жөнінде ауқымды теориялық база және таптырмас ақпарат алдым. КИМЭП-те ең жақсы көретінім бұл –білім берудің студентке бағытталған тәсілі және оқытушылар мен профессорлардың пікірлерін талқыға салу, тіпті олармен дауласу мүмкіндігі. КИМЭП менің сыни ойлау қабілетімді дамытып, ақпарат көздерін табу құштарлығымды қолдап, қарам-қайшы пікірлерге құрметпен және төзімділікпен қарауға зор үлес қосты. Осында игерген кәсіби және тұлғалық дағдыларым шетелдік компанияларда жұмыс істеуге және үздік еуропалық университеттерде білім алуға мүмкіндік берді. КИМЭП-те алған білімімді ешқашан шетелдік әріптестерім мен құрдастарым сынға алып көрген емес.

2. КИМЭП Университетінің халықаралық қатынастар кафедрасында 2022 жылдан бастап қызмет етесіз. КИМЭП-тің білім беру үлгісі басқа университеттерден қандай қырларымен ерекшеленеді?

Жоғарыда айтып өткенімдей, КИМЭП Университеті студенттердің пікірінің маңыздылығын үнемі атап өтеді және сабақтан тыс белсенділікті жоғары бағалайды. Курс оқытушылары мен студенттер арасындағы қарым-қатынас Қазақстанның көптеген мемлекеттік университеттеріндегідей «жебеушілік» немесе «меценаттық» қарым-қатынасқа негізделмеген. Студенттер өз пікірлерін айтудан қорықпайды және әрқашан бірегей және дәлелді талқылауға ынталы. Мұндай көзқарас әлеуметтік ғылымдарда, әсіресе халықаралық қатынастарда өте маңызды. Қазір КИМЭП-те оқытушы ретінде студенттеріміздің жаңа идеяларды ұсынатынын, берілген ақпаратты әрқашан сыни тұрғыдан талдауын, сұрақтарды қысылмай қоятынын мақтан тұтамын.

Студенттерге бағытталған білім беру әдісінің тағы бір көрінісі – студенттің жауапкершілігі. Алғашқы күннен бастап ақ студенттер жауапкершілік, өзін-өзі қамтамасыз ету және еркін шешім қабылдауды үйренеді. Олар пәндерді таңдау, қайсысына көбірек көңіл бөлу, академиялық ортада әрекет етуде топ пікірімен шектелмейді. Өз бетімен ойлау және әрекет ету қабілетін дамыту ең қиын іс, осы тұрғыда КИМЭП қабырғасындағы орта бұл дағдыны дамыту үшін ең керемет алаң.

КИМЭП УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ОҚУ ІСТЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ПРОРЕКТОРДАН БІРЕР СӨЗ

Др. Дэмиен Ривьез КИМЭП Университетінің оқу істрі жөніндегі проректоры лауазымына 2022 жылдан бастап қосылды. Буффало Университетінің (АҚШ) білім саласындағы басқару және көшбасшылық бойынша PhD дәрежесінің иегері, жоғары білім беру саласында басқару бойынша аса тәжірибелі маман. Проректор ретінде білімдік бағдарламалардың, оның ішінде саясаттану және халықаралық қатынастар кафедрасының бағдарламаларының әзірленуі мен жүзеге асырылуына жетекшілік етеді. Төменде жаңа бастама жөнінде өз ойларымен бөлісті:



1. Неліктен КИМЭП Университеті бұл кафедраны қайта құруға шешім қабылдады?

КИМЭП әрқашан академиялық бағдарламаларды әзірлеуде Қазақстандағы көшбасшы болды. Мемлекеттер бейбітшіліктің экономикалық және саяси мәселелерін шешу үшін күрес жүргізіп жатқан кезеңде КИМЭП моралдық және этикалық көшбасшылықты алға тарту арқылы жағымды және бейбіт өзгерістер алып келетін түлектерді тәрбиелеуге бет бұрды. Бұл мақсатқа жету үшін жаһандық жағдайды түсіну және үздік дипломатиялық әдістерді қолдануға баса назар аудару керек деп санаймыз. Біздің түлектер болашақ саяси қақтығыстарға төтеп беруде асқан қырағылығын таныта алады деп сенемін.

2. КИМЭП-тің жаңартылған Саясаттану және халықаралық қатынастар кафедрасының Қазақстан мен Орталық Азиядағы басқа ұқсас академиялық бөлімдерден ерекшелігі неде?

КИМЭП қиын экономикалық және саяси мәселелер туындаған жағдайда мүдделі тараптар арасындағы ашық диалогқа сенеді. Қазіргі таңда аймақтағы геосаяси жағдай тұрақсыз, сондықтан мемлекеттер өз бірегейлігін алға тарта отырып болашаққа жол салып отырған жағдайда оның одан әрі ушығуы әбден мүмкін. Университетіміздің өзгерістің ашықтық және адалдық қағидаларына ұстануы түлектеріміздің болашақтағы жарқын өзгерістердің жүзеге асуында маңызды рөл атқаруына негіз беретіні сөзсіз.



**COLLEGE OF
SOCIAL SCIENCES**

KIMEP UNIVERSITY

Байланыс ақпараты:

Студенттерді тарту және қабылдау бөлімі
050010, Алматы қ., Қазақстан Республикасы
Абай даңғ. 4, Уәлиханов ғимараты
Телефон: +7 (727) 270 42 13, +7 (727) 270 42 48
Ұялы байланыс: +7 707 170 42 13
Электронды мекенжай: uao@kimep.kz; gao@kimep.kz; phd@kimep.kz
Жұмыс уақыты: Дүйсенбі - Жұма, 9.00 - 19.00